

**Бөлшектеп сатып алу-сату
ШАРТЫ
(қосылу шарты)**

Алматы қ.

Осы шартпен әрі қарай «**Сатушы**» деп аталатын, Жарғы негізінде Бас директоры Алақбаров Катрин атынан әрекет ететін, «**Орифлэйм**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы (әрі қарай – ҚР) Азаматтық кодексінің 389 бабына сәйкес тіркеу нөмірін алған және осы бөлшектеп сатып алу-сату (қосылу шарты) шартына (әрі қарай мәтін бойынша – Шарт) сөзсіз қосылған кез-келген жеке тұлғаларға Сатушының каталогында көрсетілген тауарларды сатуы міндетіне алады.

1 бап. Терминдер және Анықтамалар:

Сатушы - «Орифлэйм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелген және жұмыс атқарады, заңнамалық және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Достық даңғ., 140, оның филиалдары мен өкілдіктерін қосқанда.

Қосылу шарты – ҚР Азаматтық кодексінің 389 бабына сәйкес тараптардың бірі шартын формулярда немесе басқа стандартты нысандарда анықтаған және екінші тарап тұтастай алғанда ұсынылған шартты тек қана қосылу арқылы қабылдаған шарт қосылу шарты деп танылады.

Шарт – Жалпы ережелермен және шарттармен және Сатып алушы мен Сатушының қарым-қатынас негізін қалыптастыратын және тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын Дербес деректерді қорғау саясатымен бірге бөлшектеп сатып алу-сатудың осы шарты.

Сатып алушы – Сатушымен Келісім шарт жасаған кел-келген жеке тұлға.

Тіркеу – Сатып алушыға жаңа өнімдер, өткізілетін акциялар, берілетін жеңілдіктер және т.б туралы хабарлау мақсатында Сатып алушы туралы ақпаратты Сатушының ақпараттық базасына енгізу және оған тіркеу нөмірін беру.

Тіркеу нөмірі – Сатушының Orisales жүйесінде белгілі бір Сатып алушыға тиесілі мәліметтер туралы жазбаларды жазуға мүмкіндік беретін, сандар символдарының реттілігі түрінде түзілген, осы Шартты бекіту кезінде «ОРИФЛЭЙМ» ЖШС оған берген, Сатып алушының бірегей жеке сәйкестендіру нөмірі. Тіркеу нөмірі бойынша Сатып алушы Сатушының Orisales жүйесінде сәйкестендіріледі. Тіркеу нөмірінде Сатып алушының Сатушының Тауарын сатып алу жөніндегі, Сатып алушыға берілген ауқымды жеңілдік көлемі туралы барлық деректері жазылады. Сонымен бірге, Кеңесшінің тіркеу нөмірінде Кеңесшінің Сатушы алдындағы барлық қарыздары жөнінде деректер жазылады.

Жүкқұжат – жүкқұжат/есепшот немесе соған сәйкес Сатып алушыға тауар беретін, берілген Тауарлардың тізімі, Тауардың берілген күні, сағалымның рубльмен есептегендегі жалпы құны, Сатып алушының Кеңесші ретінде тіркелу сәтінде оған берілген нөмірі (Тіркеу нөмірі) және басқа да қажетті деректемелер көрсетілген кез-келген басқа құжат.

Сатып алушының дербес деректері – Сатып алушының тегі, есімі, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттарының нөмірі, аталған құжаттың берілген күні мен оны берген орган туралы деректер; ЖСН нөмірі. Жалпыға қолжетімді дербес деректері: тегі, есімі, әкесінің аты; E-mail; пошталық мекенжайы (байланыс үшін), ұялы телефон нөмірі, кеңесшінің тіркеу нөмірі.

Осы тарауда аталмай қалған барлық терминдер Жалпы ережелермен және шарттармен және Дербес деректерді қорғау саясатымен анықталғандай, тараптар тарапынан олардың мәніне сәйкес түсініледі және түсіндіріледі.

2 бап. Шарттың мәні.

2.1. Осы Шартқа сәйкес Сатушы Сатып алушының тапсырыстары негізінде оған жеке, отбасылық, үйшілік немесе басқа да баламалы пайдалану үшін, сатылымда бар түрлеріне және санына сәйкес, Oriflame Өнімдерін (әрі қарай – «Тауар») сатуға міндеттеледі, ал Сатып алушы тапсырыс берілген Тауарды қабылдауға және оны осы Шарттың шарттары бойынша төлеуге міндеттеледі.

2.2. Сатып алушының Тауарды дүкендердің бөлшек және көтерме сауда желілерінде және базарларда сатуына және/немесе көрсетуіне құқы жоқ.

3 бап. Тауарды сату тәртібі. Шарт бағасы және Есеп айырысу ережесі. Тараптардың міндеті.

3.1. Тапсырысты ресімдеу, қабылдау, ақысын төлеу, сондай-ақ одан бас тарту немесе қайтарып беру тәртібі Жалпы ережелермен және шарттармен анықталады.

3.2. Сатушының Тауарды сату және жеткізіп беру бойынша барлық міндеттері Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

3.3. Сатушы Тауардың бағасын тапсырыс ресімделетін каталогқа арналған Сатушы преysкурантында (прайс-парақша) белгілейді. Бағаны қалыптастыру тәртібі Жалпы ережелер және шарттар 4Б «Бағалар және Төлемдер» тарауына сәйкес анықталады. Сатып алушы Тауарды алмай тұрып төлем жасауды міндетіне алады (бұған тауардың төлем мерзімін ұзартып сатып алу ғана жатпайды).

3.4. Сатып алушы Тауарды сатып алған кезде Сатушының шегерім жасауға қақысы бар. Баға шегерімі Шегерім туралы ішкі ережеге сәйкес жасалады.

3.5. Сатушының Сатып алушыға Тауарды бөліп төлеуге (несиеге) рұқсат беруге қақысы бар. Бұл жағдайда Сатып алушы Тауар төлемін жүкқұжатында көрсетілген мерзім ішінде төлеуге міндетті. Егер жүкқұжатында Тауардың төлемін төлеу міндеттемесі бойынша басқа күн көрсетілмеген жағдайда, жүкқұжаттағы күн төлемді төлеу міндеттемесі басталған күн болып есептеледі. Тауарды несиеге сату тәртібін Сатушы белгілейді. Сатушы бір жақты Тауарды несиеге сату шартын өзгерте алады, ол туралы Сатып алушыға Сатушының тұрғылықты жерінде хабарландыру ілу арқылы немесе кез-келген қолжетімді тәсілмен хабарлайды: электронды поштамен, СМС, Кеңесшілерге арналған тараудағы Сатушының www.kz.oriflame.com сайтында тиісті ақпараттар орналастыру арқылы және т.с.с. Сатушы Сатып алушыға Тауарды несиеге сатудан бір жақты бас тарта алады. ҚР азаматы болып табылмайтын Сатып алушыларға тауарды төлем мерзімін

ұзарту арқылы сатып алу жеңілдігі берілмейді. Егер тауарды төлем мерзімін ұзарту арқылы сатып алу жөнінде онлайн-тапсырыста тиісінше ұсыныстың тапсырыс және/немесе акцепт бланкісінің тиісінше жолдарын толтырғанда, Сатып алушы осы Шартқа қол қою арқылы Сатушының тауарды төлем мерзімін ұзарту арқылы сатып алуға қатысты берілетін ішкі ережесі қарастырған барлық ережелермен және талаптармен келіседі.

3.6. Сатып алушыға қызмет көрсеткен кезде Сатушы қызмет көрсету төлемін алады, оның мөлшерін Сатушы белгілейді. Қызмет көрсету көлемінің төлемі тапсырыстың жеткізілім түрінің, жеткізіп беру орнының қашықтығының жалпы құнына байланысты болады.

3.7. Сатушы Сатып алушыны сатылатын өнім түрлері жөнінде хабарландырулар және тауар каталогтарын, буклеттер, парақшалар және т.с.с жіберу арқылы ақпараттандырады. Хабарлама таратудың жиілігі мен тәсілін Сатушының өзі таңдайды. Осы тармаққа сәйкес, Сатып алушыларды ақпараттандыру үшін жолданатын каталогтардың, буклеттердің, парақшалардың бағасы Тауардың баға прейскурантының ішіне кіреді, бұл жағдайда олар Сатып алушыдан қосымша төлем алынбай таратылады.

3.8. Егер Сатып алушы алған тауарының ақысын белгіленген мерзімде төлемесе, Сатушы Сатып алушының қарызын басқа тұлғаға беруге немесе ауыстыруға құқылы.

4 бап. Тараптардың жауапкершілігі.

4.1. Тараптар осы Шарт күшінде өздеріне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны үшін, сондай-ақ Жалпы ережелер мен шарттарға сәйкес өздеріне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны үшін жауап береді. Сатып алушы, сондай-ақ, Компанияның басқа ішкі қағидалары мен ережелеріне сәйкес өзіне жүктелген міндеттемелерін орындамағаны үшін жауап береді. Тараптардың бірі осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, кінәлі Тарап жапа шеккен Тарапқа орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдарынан келтірген, құжатпен расталған шығындарын ҚР қолданыстағы заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Қосалқы шығындар және жіберіліп алған мүмкіндіктер төленетін өтемеге жатпайды.

4.2. Сатып алушы төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатушыға Сатушы белгілеген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбын есептеу принципін Сатушы анықтайды және ол жүкқұжатта немесе тауарды беретін басқа құжаттарда көрсетіледі.

4.3. Сатып алушы Сатушы сайтының жеке кабинетіндегі тіркеу нөмірі мен құпия сөзін үшінші бір тұлғаға берген жағдайда, одан туындаған барлық салдарға жауап береді. Сатушы сайтында Сатып алушының тіркеу нөмірі мен құпия сөзін пайдалану арқылы жасалған барлық тапсырыстар Сатып алушы жасаған болып саналады. Сатып алушы Сатушының алдында аталған тапсырыстарды берілуіне, сонымен бірге олардың құнының төленуіне жауап береді.

5 бап. Шарттың басқа шарттары.

5.1. Осы Шарт (Қосылу шарты) Сатушы үшін оны бекіткен күннен бастап күшіне енеді. Осы Шарт Сатып алушы үшін Сатып алушының осы Шарттың ережелерін сөзсіз қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді. Сатып алушының жеке өзі немесе сенімхат бойынша өкілі тауардың алғашқы жүкқұжатына қол қойғаннан бастап осы Шарт қабылданған болып саналады. Сатып алушы Тауарды алғашқы жүкқұжатымен алған сәттен бастап жеке куәлігінің түпнұсқасын салыстырып қарау үшін және көшірмесін сақтап қою үшін Компанияға тапсыруды міндетіне алады. Шартты қабылдаудың белгіленген ережесіне қарамастан, Сатушы кез-келген шағымды Сатып алушының қолы қойылған жүкқұжаты нұсқасы болған жағдайда ғана қабылдайды, ал ол жоқ болған жағдайда – Сатып алушының қолы қойылған осы Шарт нұсқасы бойынша.

5.2. Сатушы осы Шарттың шарттарын бір жақты өзгертуге құқылы. Өзгертілген Шарт Сатып алушыға кез-келген әдіс арқылы жеткізіледі: электронды поштамен, СМС, Кеңесшілерге арналған тараудағы Сатушының www.kz.origiflame.com сайтына ақпарат орналастыру арқылы және т.с.с. Сатып алушы ақпаратпен танысқан-таныспағанына қарамастан хабарлаудың бұл түрі тиісті болып саналады. Шарттың жаңа редакциясы сайтта жарияланған күннен бастап күшіне енеді. Егер Сатып алушы өзгертілген Шарттың шарттарымен келіспейтін болса, ол Сатушыға жазбаша түрде хабарлай отырып, жедел түрде осы Шартты бір жақты бұза алады.

5.3. Шарт белгісіз мерзімге бекітілген және кез-келген Тарап Шартты бұзардан 5 (бес) күн бұрын екінші жақты алдын ала кез-келген қолжетімді әдіспен: осы Шартта көрсетілген электронды поштамен, мекенжай бойынша, Сатушының www.kz.origiflame.com сайтына тиісті ақпаратты орналастыру, қолына тапсыру арқылы және т.с.с. ескерте отырып, бұза алады.

5.4. Шарттың жарамдылық мерзімі аяқталған болып саналады: егер Сатып алушы: а/осы Шарт бекітілген сәттен бастап 4 (төрт) реттік каталог бойы ешбір сатып алу жасамаса; б/соңғы Тауарды сатып алған күннен кейін 1 (бір) жыл өтсе. Аталған жайт Сатып алушының әрі қарай жанадан шарт жасау үшін Сатушыға өтініш айту құқынан айырмайды.

5.5. Сатып алушы, Шартқа қосыла отырып, Сатушыға Сатушының Сатып алушының дербес деректерін өңдеу үшін үшінші тұлғаға Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған құпиялық шарты бойынша беруіне өзінің келісімін береді. Бұл тек осы Шартты орындау мақсатында, Дербес деректерді қорғау туралы саясатпен анықталған тәртіпте және шартта ғана пайдаланылуы және/немесе берілуі мүмкін.

Бұл жағдайда Сатып алушының осы Шарттың 5.1 тармағына сәйкес осы Шарттың шартын қабылдағанын растайтын әрекеті де Тараптар тұрғысынан Сатып алушының Сатушыға оның дербес деректерін пайдалануға және беруге жазбаша келісімін берген болып қабылданады. Осы келісім Шарттың жарамдылық мерзімі біткенге дейін және Шартты бұзғаннан кейін де ең кемі үш жыл жарамды. Сатып алушының дербес деректерін осы Тармақта көрсетілген мақсаттар үшін үшінші тұлғаға бергенде Сатушы үшінші тұлға Сатып алушының дербес деректері тек қана осы Шартпен белгіленген мақсаттарда ғана пайдаланатындығына және оның орындалуына, сондай-ақ оған үшінші тұлғалар рұқсатсыз кіре алмайтындай қорғаныспен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді. Сатып алушы келісімін кері қайтарып алу үшін Компанияның мекенжайына жазбаша түрде тиісті хабарлама жазу арқылы жүзеге асыра алады. Компания мұндай хабарлама алған сәттен бастап Кәсіпкердің дербес деректерін өңдеуді 1 (бір) жұмыс күні ішінде тоқтатуға міндетті.

5.6. Сатып алушы Шартқа қосылып және оның шарттарын қабылдай отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес мұндай қажеттілік туған мақсатта және жағдайда Сатушының ақпараттарын, оның ішінде жарнамалық, кез-келген әдіспен, оның ішінде электр байланыс желісімен, атап айтқанда телефонмен, факспен,

жылжымалы радиотелефон байланысымен, сондай-ақ интернет желісі арқылы алуға келісімін береді. Сатып алушы тиісінше жазбаша хабарлама жолдау арқылы Сатушы тарататын жарнаманы алу мүмкіндігінен бас тартуға құқылы.

5.7. Осы Шартпен Тараптар арасындағы дау-дамайды сотқа дейінгі (шағымдық) тәртіпте шешу міндеті қарастырылмаған. Тараптар арасында келіспеушілік туындай қалған жағдайда мүмкіндігінше ол келіссөз арқылы шешіледі. Егер Тараптар келіссөз басталған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде келісімге келе алмаса, дау-дамай ҚР қолданыстағы заңдарына сәйкес Сатушының тұрғылықты жері бойынша сот тәртібімен қаралуы тиіс.

5.8. Компания, Сатушы Сатып алушыға Тауарды берген сәттен бастап Сатып алушының үшінші тұлғалардың, уәкілетті органдардың және т.с.с. алдында туындайтын міндеттемелері үшін жауап бермейді.

5.9. Тараптардың басқа қатынастарының бәрі ҚР қолданыстағы заңдарына сәйкес реттеледі. Осы Шарт пен Жалпы ережелер және шарттардың, Дербес деректерді қорғау туралы саясаттың арасында айырмашылықтар болған жағдайда, осы Шарттың шарттары басым күшке ие. Егер осы Шарттың, Жалпы ережелер және шарттардың, Дербес деректерді қорғау туралы саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес келмейтіндіктен жарамсыз болса, ол басқа ережелерді жарамсыздыққа ұрындырмайды.

5.10. Шарт орыс және қазақ тілдерінде жасалды. Осы шарттың әр түрлі тілдеріндегі мәтіндерінің арасында әр түрлі оқылу анықталған жағдайда, орыс тіліндегі мәтіні бақылау мәтіні болып саналады.

6 бап. Сатушының деректемелері.

«Орифлэйм» ЖШС, Заңнамалық және пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, 050051, Достық даңғ., 140.

СТН 600700196376, БСН 991040000333

"Ситибанк Казахстан" АҚ-дағы ЖСК: KZ 288 320 1T0 200 374 000 БСК: CITIKZKA